



Анарбаев Қ.С.

**АКАДЕМИК Б.Е. КӨМЕКОВ
ЖӘНЕ ҚҰМАНТАНУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Статья посвящена вопросам
кумановедения в трудах
ученого-кыпчаковеда
академика Б.Е. Кумекова.*

*The article devotes to the questions of
“kuman study» in the work of scientific-
kypchak researcher academician
B.E.Kumekov.*

Түркітану ғылымының белді саласы саналатын «қыпшақтану» мәселесімен айналысқан ғалым зерттеушілер ортағасырлық қыпшақтардың этногенезі мен этникалық құрамына қатысты құнды-құнды дереккөздерді ғылыми айналымға түсірді. Сол жұмыстардың нәтижесінде қыпшақтардың этникалық құрамына қатысты, жалпы ортағасырлық деректердегі «қыпшақ» атауына байланысты түрліше пікірлер айтты. Сол пікірлерді жинақтай келгенде, біз зерттеушілер ойлары үш арнаға бөлінетінін көреміз. Бірінші топты ортағасырлық жазба деректерде кездесетін *қыпшақ, половец, құман* атаулары бір халықтың түрлі тілдердегі атауы деген пікірлер құрайды. Екінші және үшінші топтағы ғалымдардың *құман* мен *қыпшақты*, дереккөздер мен этнографиялық зерттеулердің материалдары арқылы, бір-бірінен бөле қарауға келісетін сынай танытумен қатар олардың дербес тайпалар екенін айтады. Әсіресе, екінші топқа енгізуге болатын бірқатар ғалымдар (П. Пельо, К. Цегледи, А.Н. Кононов т.б.) құманды жеке алып көрсеткенімен, оларды одан әрі нақтылауға әлі де деректер жетімсіздігі кедергі болған. Бұл мәселеде өткен ғасырдың екінші жартысында шығыстанушы Б.Е.Көмековтың зерттеулерінде көрсетілген ғылыми қорытындылар ерекше маңызға ие екендігін атап өту керек. Ғалым Шығыс (араб, парсы) деректері мен бүгінге дейінгі құман-қыпшақтар тарихын зерттеуші ғалымдар еңбектерінде айтылған пікірлерді талдап, сараптай келе, өз тұжырымдарының негізінде құмандардың жеке этникалық топ екенін ғылыми тұрғыдан негіздеп берді [1;2]. Бұл тұрғыда, Шығыс жазба мұраларын ғылыми айналымға түсіру мен олардағы мол деректерді пайдалану, оларды түрлі әдістермен саралау белгілі бір дәуір шындығын жан-жақты ашып қарауға мүмкіндік берді. Кезінде П. Пельо, К. Цегледи, А.Н. Кононов т.б. ғалымдардың қыпшақтар мен құмандарды бөлек-бөлек қарастырған пікірлері дәл осындай деректер мен тұжырымдардың тапшылығынан көпшілік зерттеушілер тарапынан кең қолдау таппаған болатын. Ғалымның 1972 жылы жарық көрген “Государство Кимеков IX-XI вв. по арабским источникам” атты монографиясы ортағасырлық кимек-қыпшақтарға қатысты тарихи-деректік маңызы жағынан зерттеушілер тарапынан өте жоғары бағаланып келеді [3;4.8]. Бұл еңбекте Б.Е. Көмеков Кимек қағандығына кірген тайпалар тарихына тоқталып, солардың бірі



қыпшақ тайпалары екенін тың Шығыс деректері арқылы көрсетеді. Ғалымның пікірінше, қыпшақтар алғаш Кимек конфедерациясы құрамында болып, XI ғасырдың басында біртіндеп саяси гегемонияға ие болған. Сондай-ақ бұрынғы зерттеушілер назарынан тыс қалған ортағасырлық қыпшақтардың этникалық құрамы туралы араб деректеріндегі мағұлматтарды саралай отырып, *құмандардың* қыпшақтар құрамындағы жеке тайпа екенін анықтады [1]. Олардың орналасқан географиялық аймағын, астанасы мен қалалары болғанын, олардың қыпшақ тілді болғанын, Қыпшақ хандығына саяси бағынышты болып, кейін қыпшақтардың алдыңғы легімен бірге Еділден батысқа жылжығанын ғылыми түрде дәлелдеді. Құман тілінің элементтері түрлі қыпшақ-араб сөздіктерінде, Каменец-Подольскі армян жазулы мәтіндерінде сақталған деп есептеді.

Шығыс авторларының өз жазбаларында белгілі бір кісінің есіміне оның шыққан тегін қосарлап беретінін негізге ала отырып, ортағасырлық араб жазба деректерінде кездесетін *әмір әл-Кумани* (әл-Жазари, Ибн Тәңірберди), *шейх Зайн ад-Дин Әбу Бәкір әл-Кумани аш-Шафиһ* (Ибн әл-Фурат) антропонимдерін және ортағасырлық құман-қыпшақтардың географиялық аумақтары мен этникалық құрамына байланысты әл-Идрисидің (XII ғ.), Ибн Саид (XIII ғ.), Абу-л-Фида және әл-Варак, ад-Димашки, Ахмад ат-Тини (XIV ғ.) еңбектерін дерек көз ретінде қарастырып, құмандардың дербес этникалық топ екенін ғылыми тұжырымдады [1.174-175]. Ғалым ад-Димашки мен Ахмад ат-Тини еңбектерінде келтірілген деректер негізінде Шығыс Дешті Қыпшақтың құрамына кірген он алты тайпанының (*бөрілі, тоқсоба, иетиоба, дурт(оба), ал-арс/ал-ас, бурджоглу, манкуроглу, имак, таг, башкурт, құманлу, базанак/баджанак, баджна, караборклу, уз және джортан (шортан)*) болғанын, ал Батыс Дешті Қыпшақта олардың саны он бір екенін (*тоқсоба, иетиоба, бурджоглы, елбөрі, кангароглы, анджоглы, дурут(оба), кулабаоглы, джортан, караборкли, қотан*) ғылыми түрде дәлелдеп, бұл тайпалардың саяси иерархиялық басқару құрылымы болғанын, яғни күрделі саяси жүйеде әр тайпаның өз орны бар екенін, олардың бір-біріне өзара бағынышты сипатта болғанын, сондай-ақ билеуші хандар *елбөрі* тайпасынан шығып отырғанын тарихи деректермен дәлелдеді. Кейінгі зерттеулерінде ғалым көшпелі қоғамда тайпалар шығыстан батысқа жылжығанда да осы жүйені жоғалтпағанын анықтай келе, құмандардың орта ғасырларда қыпшақ тілді Кимек қағандығы Қыпшақ хандығының батыс бөлігінде үнемі алғы шепте жылжып отырғанын және XI ғасырдың алғашқы жартысында қыпшақтар Еділден батысқа жылжығанда да солай болғанын көрсете келе, бұл жағдайды көшпелі қоғамдағы заңдылық ретінде қарастырды. Сондықтан батыс елдері ең алғаш құмандарды таныды. Махмұт Қашқариде келтірілгендей, кезінде “оғыздардың шігілдермен көрші орналасып, Жейхуннан (Сырдария) жоғарғы қытай арасындағы түркі халықтарының бәрін шігілдер деп қарауы қате” деген пікірлерді негізге ала отырып, орыс және Византиялық деректерге құман этнонимінің енуін және кейінгі қыпшақтардың бәрі *құман* немесе оның *половец* атауларымен берілуін осы заңдылықтармен байланыстырады. Ғалым қыпшақтарға қатысты деректерді саралай келе, өз тұжырымдарын жасап, орта ғасырларда Еуразиялық Ұлы Далада көшпелі қоғамның, өркениеттің үлгісін көрсеткен *Кимек-қыпшақ-құман үштігі (триадасы)* туралы ой түйіндерін ғылыми ортаға ұсынды [5;6;7;8]. Бұл зерттеулері арқылы Б.Е. Көмеков ғылымда бүгінге дейін қолдау тауып келе жатқан “әл-Идриси еңбектерінде айтылатын құмандарға байланысты деректер оның Батыс (Византиялық) деректерді пайдалануының әсері және құмандар туралы тек санаулы авторларда ғана (Абу-л-Фида, Ибн Саид) деректер кездеседі” деген көзқарастардың (В.В. Бартольд) тоңын бұзып, құмандарға қатысты тың деректерді ғылыми айналымға қосты. Бұған қатысты деректердің саны жетпіске тарта екенін де нақты көрсетіп берді.

Академик Б.Е. Көмековтың ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде Отандық тарих ғылымында қыпшақтану саласында құман *половец* және қыпшақтардың арасындағы ерекшеліктер мен ортақтықтарды зерделеу бағытында жаңа бір тармақтың, яғни *құмантану* саласының іргетасы берік орныға түсті. Дегенмен бұл бағытта атқарылған істерге қарағанда, әлі жасалуы тиіс жұмыстар легі өте көп екені анық. Құмандардың дербес тайпа ретіндегі бет бейнесін айшықтап көрсету мақсатындағы зерттеулер биылғы жылы жетпіс жылдық мерей тойын тойлап жатқан ғалым-ұстаздың шәкіттері зерттеулерінде өзінің заңды жалғасын тауып келеді.



Әдебиеттер:

1. Кумеков Б.Е. К открытию расселения куманов на территории Казахстана (по материалам средневековых арабских источников) // Взаимодействия кочевых культур и древних цивилизаций (тезисы докладов) – Алма-Ата: Наука, 1987. – С. 174-176.
2. Кумеков Б.Е. Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII - XIV вв. (научно-аналитический обзор) АН Каз ССР. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 42 с.
3. Кумеков Б.Е. Государство Кимеков IX-XI вв. по арабским источникам. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 156 с.
4. Плетнева С.А. Половцы. – Москва: Наука, 1990. – 208 с.
5. Кумеков Б.Е. Об этнонимии кыпчакской конфедерации Западного Дешт-и Кыпчака XII-начала XIII века // Известия НАН РК. Серия общ. наук. – 1993. № 1. – С. 58-70.
6. Кумеков Б.Е. Мамлюкские антропонимы как источник по этническому составу Дешт-и Кыпчака // ҚазМУ Хабаршысы, – 1999. № 9. – 139-141 - бб.
7. Көмеков Б.Е. Қыпшақтар // Жалын, 2004. – № 2. – 34-45 - бб.
8. Кумеков Б.Е. О триаде этнополитических объединений кыпчакского мира по мусульманским источникам // Байырғы түркі өркениеті жазба ескерткіштері. - Алматы: Ғылым, 2001. – 156-163 - бб.